

Көшелердің атын өзгерту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Тастұмсық ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 1 қыркүйектегі N 22 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 22 қыркүйекте N 14-14-121 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңы 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және аумақ халқының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Тастұмсық ауылындағы Урицкий көшесінің аты Самал, Подгорный көшесінің аты Көктөбе, Космонавтов көшесінің аты Құндызбай Биболаев; Жыланды ауылындағы Титов көшесінің аты Достық, Набережная көшесінің аты Ақтоғай, Заречная көшесінің аты Шапағат; Аманкелді ауылындағы Ленин көшесінің аты Атамекен; Қабанбай ауылындағы Садовая көшесінің аты Жақсылық көшесі деп өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзыретіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

К.Бультаев